

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 148 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2.4-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың және өзге де мемлекеттік органдардың басшылары (келісім бойынша) Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жыл сайын 5 қаңтардан және 5 шілдеден кешіктірмей Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі жыл сайын 25 қаңтардан және 25 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

6

а қ п а н д а ғ ы

N

1 4 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының ұлттық
стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың
2004-2006 жылдарға арналған
Бағдарламасы**

1. Паспорты (Бағдарламаның негізгі параметрлері)

Атауы	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2.4-тармағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 5.3.3.11-тармағы
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бағдарламаның мақсаты	Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының әлемдік рынокқа шығуы, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруіне жағдай жасау үшін өзіне стандарттау, сәйкестігін бағалау, аккредиттеу, сапаны басқару, мемлекеттік қадағалау мен бақылау жөніндегі жұмыстарды жетілдіруді қамтитын техникалық реттеу саласындағы жұмыстардың халықаралық практикасына Қазақстан Республикасының көшуін қамтамасыз ету болып табылады.
Негізгі міндеттер	Стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т у ; техникалық реттеудің халықаралық үлгісіне өту; салаларда стандарттау жөніндегі жұмыстарды дамыту мен жетілдіру үшін жағдай жасау; Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі үшін жағдай жасау; республикада өткізілген өнімнің сәйкестігін бағалау нәтижелерінің әлемдік рынокта танылуы ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у ; отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және

сапасын арттыру;
мемлекеттік, өңірлік және халықаралық
деңгейлерде бірыңғай ақпараттық кеңістікті
кезең-кезеңмен құру;
мамандардың біліктілігін арттыру;
халықаралық стандарттау жөніндегі жұмыстарды

жандандыру.

Іске асыру
мерзімі

2004-2006 жылдар

Бағдарламаны
орындаушылар

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда
министрлігі

ведомстволары

Қазақстан Республикасының министрліктері мен

Қаржылану көзі Республикалық бюджет

Қаржылық
шығындар

Барлығы: 590 556 мың (бес жүз тоқсан миллион бес
жүз елу алты мың) теңге, оның ішінде:
- 2004 жылға - 242 683,0 мың (екі жүз қырық екі
миллион алты жүз сексен үш мың) теңге
- 2005 жылға - 170 402,0 мың (жүз жетпіс миллион
төрт жүз екі мың) теңге
- 2006 жылға - 177 471,0 мың (жүз жетпіс жеті
миллион төрт жүз жетпіс бір мың) теңге

Күтілетін
нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру:

- мемлекеттік және халықаралық стандарттар негізінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және тұтынушылық қасиеттерін көтеруге;
- стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру негізінде саудада техникалық кедергілерді болдырмауға;
- техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестігін бағалау саласында жұмыстардың халықаралық практикасына біртіндеп өтуге;
- жаңа оның ішінде халықаралық деңгейде техникалық комитеттер, сондай-ақ салаларда стандарттау қызметтерін құруға;
- халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен ынтымақтастықты жандандыруға;
- бірыңғай ақпараттық кеңістікті құруға септігін

тигізуі тиіс.

2. Кіріспе

Ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарғысымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық - инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының 7.3.3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2.4-тармағының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық - инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 5.3.3.11-тармағы негізінде әзірленді.

Осы Бағдарлама іс-шаралардың орындалуымен Қазақстан Республикасының стандарттар мен сәйкестікті бағалауды әзірлеу мен қолданудың халықаралық практикасына көшу үшін жағдай жасау басталған "Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 шілдедегі N 913 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған бағдарламасының жалғасы болып табылады.

Осы Бағдарлама мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін одан әрі дамытуға, стандарттау, сәйкестігін бағалау, сапаны басқару саласында жұмыстардың халықаралық практикасына біртіндеп көшуге және көрсетілген бағыттарда жұмыстарды ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарламаның іс-шаралары 2004-2006 жылдар кезеңін қамтиды, ұзақ мерзімді сипатқа ие және келесі бағдарламаларда іске асырылатын болады.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Қазіргі уақытта республикада негізгі ережелері Дүниежүзілік сауда ұйымының халықаралық талаптарымен және қағидаттарымен сәйкестендірілген мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерінің заңнамалық негізі құрылған. Осы мақсатпен "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді. Республикада мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерінің негіз құраушы стандарттарын халықаралық баламалармен үйлестіру жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Республикада 39 мыңнан астам саналатын нормативтік құжаттардың атаулары,

оның ішінде: 3 700 стандарттау жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжаттар (шамамен 700 мемлекеттік стандарт, 3000-нан астам техникалық шарттар, ережелер мен ұсыныстар); 20 000 мемлекетаралық стандарт; 15 000-ға жуық шетелдік стандарттар және 4 000 халықаралық стандарттар бар нормативтік құжаттар қоры (Мемлекеттік стандарттар қоры) құрылды. Алайда, бар қор Қазақстанда қолданыстағы нормативтік құжаттарды халықаралық талаптармен үйлестіру жөнінде жұмыстар жүргізу үшін шетелдердің халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарымен жеткілікті толықтырылмаған. Алдағы кезеңде Мемлекеттік стандарттар қорын (бұдан әрі - МСҚ) кеңейту және жаңарту қажет.

МСҚ кеңейту және жаңарту жөніндегі, сондай-ақ ақпарат алмасу жөніндегі жұмыстарды толық көлемде жүргізу үшін МСҚ ақпараттық жүйесінің техникалық жабдықталуын жаңғырту және оны дамыту жөнінде жұмыстарды жалғастыру қажет.

Жүргізілген талдау көрсеткендей мемлекеттік стандарттарды жаңарту қарқыны соңғы 10 жыл ішінде елеулі түрде қысқартылды. Осының нәтижесінде халықаралық талаптармен үйлестірілген мемлекеттік стандарттардың проценті, негізінен негіз құраушы стандарттар есебінен 2003 жылы тек 17%-ті құрайды.

Салалардың стандарттарды әзірлеуге қызығушылығының әлсіздігі, салалық бағдарламаларды қаржыландырылмау немесе қаржыландырудың жеткіліксіздігі, стандарттауда ғылымның дамуының белсенділігінің төмендеуінің негізгі себебі болып табылады.

Экономиканың түрлі салаларында стандарттау жөнінде жұмыстар жүргізу мақсатында қызмет саласына мемлекеттік стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстар мен халықаралық стандарттауға қатысу кіретін 40 стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер құрылды. Алайда стандарттау жөніндегі балама техникалық комитеттерді басқа да қамтылмаған салаларда құру қажет.

Қазақстан Республикасы 1994 жылдан бастап Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымның (бұдан әрі - ИСО) мүшесі болып табылады. ИСО шеңберінде Қазақстан 6 стандарттау жөніндегі - халықаралық техникалық комитеттің жұмысына және мұзға төзімді теңіз мұнай-газ құрылғыларына стандарттар әзірлеу жөніндегі топтың жұмысына қатысады. Алайда, Қазақстан Халықаралық электротехникалық комиссияның (бұдан әрі - ХЭК) мүшесі болып табылмайды. Осы ұйымда мүшеліктің болмауы ХЭК халықаралық стандарттарын пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Қазақстан Республикасында қолданыстағы стандарттар мен сәйкестікті бағалау рәсімдері туралы ДСҰ-ға мүше мүдделі елдерді ақпараттандыру үшін Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке ведомстволық бағынысты кәсіпорын негізінде аккредиттеу, стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері бойынша ДСҰ-мен өзара іс-әрекет жөніндегі ақпараттық орталық құрылады. Қазіргі уақытта ақпараттық орталық қажетті бағдарламалық өнімдермен, библиографиялық және толық мәтінді дерекқормен жабдықталмаған.

Мүдделі тұлғаларды рынок жағдайы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында республикада шығарылатын өнімді каталогтау жүйесі құрылды және жүргізіледі. Қазіргі уақытта жүргізілуі мен көкейкестілігі жалғастырылуы қажет өнімнің 3 электронды каталогы құрылған.

Республикада түрлі ведомстволармен әзірленген 25 сыныптауыш қолданыста, олардың 10-ы мемлекеттік мәртебеге ие. Техника-экономикалық ақпаратты сыныптау мен кодтаудың бірыңғай жүйесін құру қажет.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының қауіпсіздігінің қажетті шарттары ретінде қару айналымын тәртіпке келтіруге жағдай жасау үшін Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке Азаматтық және қызметтік қару мен оның оқтарының мемлекеттік кадастрын шығару тапсырылған. Осы міндетті іске асыру үшін бұдан әрі Азаматтық және қызметтік қару үлгісінің тізбесін және Азаматтық және қызметтік қару мен оның оқтарының мемлекеттік кадастрын жүргізу қажет.

Отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі өндірісте сапа менеджменті жүйесінің болуына тікелей байланысты болады. Республикада қазіргі уақытта ИСО 9000 стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесін шамамен 116 кәсіпорын ғана сертификаттады, олардың ішінде нақты секторда тек әрбір салада 3-4-тен ғана. Сапа менеджменті жүйелерін енгізуде кәсіпорындардың қызығушылықтарының төмендігінің негізгі себептерінің бірі сапа саласында саясатты әлсіз насихаттау мен ғылыми-әдістемелік базаның болмауы болып табылады. Таяу жылдарда отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін арттыруды қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарда сапа менеджменті жүйелерін және қоршаған ортаны қорғауды енгізу мен сертификаттау жөніндегі жұмыстарға мемлекеттік қолдау қажет.

Қазіргі уақытта жалғастырылуы қажет өнеркәсіптің басым салаларындағы кәсіпорындарда 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарын енгізу кезінде туындайтын проблемаларды талдау жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

Отандық кәсіпорындарды бәсекеге қабілетті өнім өндіруге ынталандыру мақсатында республикада "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" және "Қазақстанның ең үздік тауарлары" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйақысына ізденуге конкурстар құрылды.

Қолда бар сертификаттау сынақтары бойынша республиканың сынақ қоры жеткіліксіз, себебі өнімнің барлық номенклатурасын қамтымайды және республикада тегіс таратылмаған.

Сынақ қорын жабдықтау үшін өнімнің, шикізаттың және материалдардың әлеуеті қауіпті түрлеріне сертификаттық сынақтар жүргізу жөніндегі аккредиттелген сынақ орталықтары (зертханалар) желісін құру және жетілдіру қажет.

Бұдан басқа, республикада халықаралық деңгейде танылған және халықаралық

сарапшылар тізілімдерінде тіркелген мамандар жоқ. Халықаралық және өңірлік ұйымдарда мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүргізу қажет.

Осылайша, қазіргі уақытта қолданыстағы ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелері халықаралық талаптарға, соның ішінде Саудада техникалық кедергілер мен санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі Дүниежүзілік сауда ұйымы келісімдерінің талаптарына және ТМД елдерінің еркін сауда аймағындағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімдерге сәйкес келтірілмеген.

Төменде проблеманың күшті және әлсіз жақтары берілген.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none">- техникалық реттеу жүйесіне өту жөніндегі жұмыстардың бірінші кезеңін жүргізу;- республика кәсіпорындарында сапа менеджменті мен қоршаған ортаны қорғау жүйелерін енгізу жөніндегі жұмыстарды насихаттау мен қолдау жөнінде жұмыстар жүргізу;- салаларда стандарттау жөніндегі қызметті жандандыру.	<ul style="list-style-type: none">- ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестірудің төмен проценті;- техникалық реттеу саласында бірыңғай саясатты құруға кері әсер ететін мемлекеттік органдардың жекелендірілгендігі;- халықаралық тізілімде тіркелген сарапшылардың болмауы;- өнімнің жекелеген түрлерінің сапасын бақылау үшін сынақ қоры мен қазіргі заманғы жабдықтардың болмауы.

Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none">- жаңа нарықтық экономика мен халықаралық практикаға жауап беретін, өнімге, оның өндірілу процесіне, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге қойылатын міндетті және ұсынылатын (ерікті) талаптарды белгілеу мен қолдану мәселелеріне көзқарасты енгізу;- халықаралық ұйымдармен және стандарттау мен сертификаттау	<ul style="list-style-type: none">- әлемдік жаһандандыру процесінің шегінен тыс қалу қатері;- ғылым мен техниканың қазіргі уақыттағы талаптарына жауап беретін ақпараттар мен нормативтік құжаттардың болмауы;- республикалық, мемлекетаралық және халықаралық деңгейлерде ақпаратпен және нормативтік құжаттармен шұғыл алмасу үшін жағдайдың болмауы.

жөніндегі	ұлттық	органдармен
бірыңғай	ақпараттық	кеңістікті
қ ұ р у ;		
-	мемлекеттік	стандарттар
қорын	ұлғайту,	сондай-ақ
үйлестірілген		ұлттық
стандарттар	процентін	арттыру.

Осы Бағдарламада көзделген ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін бұдан әрі дамыту бірқатар заңнамалық кесімдер мен нормативтік құжаттарды әзірлеу және үйлестіру жолымен балама халықаралық жүйелермен жақындастыруға стандарттау нысандары мен әдістерін жетілдіруге, өнімді сертификаттау рәсімдерін өзгертуге, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы қызметті жетілдіруге байланысты проблемаларды шешеді.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының әлемдік рынокқа шығуына жағдай жасау үшін өзіне стандарттау, сәйкестікті бағалау, аккредиттеу, сапаны басқару, мемлекеттік қадағалау мен бақылау жөніндегі жұмыстарды жетілдіруді қамтитын техникалық реттеу саласындағы жұмыстардың халықаралық практикасына Қазақстан Республикасының өтуін қамтамасыз ету, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру үшін жағдай жасау болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

- стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету;
- техникалық реттеудің халықаралық үлгісіне өту;
- салаларда стандарттау жөніндегі жұмыстарды дамыту мен жетілдіру үшін жағдай жасау;
- Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі үшін жағдай жасау;
- республикада әлемдік рынокта жүргізілген өнім сәйкестігінің бағалау нәтижелерін тану үшін жағдай жасау;
- отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыру;
- мемлекетаралық, өңірлік және халықаралық деңгейде бірыңғай ақпараттық кеңістікті кезең-кезеңмен құру;
- халықаралық стандарттау жөніндегі жұмыстарды жандандыру.

Қойылған міндеттерді іске асыру отандық өнімнің сапасын арттыруға және ішкі

және сыртқы рыноктарда бәсекелестік қабілеттілігін арттыруға, мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіруге және республиканың бірыңғай ақпараттық кеңістігін құруға ықпал етеді.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары және тетігі

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

- стандарттау және сертификаттау саласындағы заңнаманы жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру;
- мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамыту және халықаралық жүйелермен үйлестіру;
- қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды салалар бөлінісінде халықаралық талаптармен үйлестіру;
- сапа менеджменті жүйелерін енгізуді ынталандыру жөнінде жұмыстар жүргізу;
- Мемлекеттік стандарттар қорын дамыту және жетілдіру;
- стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылды.

5.1. Стандарттау және сертификаттау саласындағы заңнаманы жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру

Қалыптасқан халықаралық практиканы және ТМД елдерінде қабылданған практиканы ескере отырып міндетті техникалық регламенттер мен стандарттар арқылы өнім өндіруді нормативтік реттеуді көздеу жоспарланатын "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу және бекіту күтіледі.

5.2 Мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамыту және халықаралық жүйелермен үйлестіру

5.2.1 Мемлекеттік стандарттау жүйесін жетілдіру және техникалық реттеу жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар

Мемлекеттік стандарттау жүйесін бұдан әрі дамыту мен жетілдіру оларды балама халықаралық жүйелермен жақындастыруды және стандарттарды ерікті қолдануға өтуді көздейді.

Алдағы кезеңде қолданыстағы заңнамаға және нормативтік техникалық

құжаттамаға оларды жаңадан әзірленген заң жобасына сәйкес келтіру және техникалық реттеуді талап ететін экономика салаларын анықтау мақсатында талдау жүргізу қажет.

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі - МАК) шеңберінде кейіннен оларды МАК-қа мүше елдерде, оның ішінде Қазақстанда да қабылдап, мемлекетаралық мүддені білдіретін секторлар бойынша техникалық регламенттерді әзірлеу көзделеді. Осыған байланысты ұлттық техникалық регламенттерді әзірлеу осы саладағы мемлекетаралық үрдістерді ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Нормативтік құқықтық кесімдерді және құжаттарды:

- техникалық регламенттерге;
- техникалық регламенттермен үйлестірілген стандарттарға және басқа да нормативтік құжаттарға ажырату күтілуде.

Мемлекеттік стандарттау жүйесін жетілдіру үшін Бағдарламада:

- техникалық реттеу жүйесіне өту жөнінде іс-шаралар жоспарын дайындау және бекіту;

- негіз құраушы стандарттарды техникалық реттеу туралы заңнамамен сәйкес келтіру мақсатында оларды қайта қарау;

- экономиканың жұмыс істеп тұрған салаларында экономиканың басым секторлары мен оларды техникалық реттеу туралы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында негіз құраушы стандарттарды қайта қарауды талап ететін өнім түрлерін анықтау үшін міндетті нормаларды белгілейтін басқа нормативтік құжаттарға талдау жүргізу;

- халықаралық талаптармен үйлестірілген ұлттық стандарттар әзірлеу;

- жаңа техникалық комитеттер, сондай-ақ салаларда кәсіпорындардағы стандарттау қызметтерін құруға ықпал ету;

- теледидарда, радиода, баспада салалық және мамандандырылған басылымдарда техникалық реттеу жүйелерін насихаттау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру;

- халықаралық тәжірибені ескере отырып, өнімнің сапасына мемлекеттік қадағалау жүргізу тәртібін жетілдіру, сондай-ақ сату саласында сапасын анықтау үшін тауар үлгілерін сатып алу мен сынауды қаржыландыру;

- аккредиттеу, стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері бойынша ДСҰ-мен өзара іс-әрекет жөніндегі ақпараттық орталық жүйесін дамыту мен бірге алып жүруді қамтамасыз ету;

- мүдделі тұлғаларды өндірілетін өнім, нормативтік құжаттар мен тауар өндірушілер туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында өндірілетін өнімді каталогтау жүйесін жетілдіру, оның электронды каталогына өзгерістер енгізу;

- Азаматтық және қызметтік қару мен оның оқтары үлгілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу.

5.2.2 Сертификаттау және аккредиттеу жүйелерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

Сертификаттау және аккредиттеу саласында сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларын аккредиттеу нәтижелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында берілетін сәйкестік сертификаттарын халықаралық деңгейде тануды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүргізу қажет.

О л ү ш і н :

- сертификаттық сынаулар жүргізу жөніндегі сынақ орталықтарының (зертханаларының) желілерін құру және жетілдіру. Оның ішінде, Солтүстік өңірде ауыл шаруашылығы техникасы бойынша, Орталық өңірде тұрмыстық электр аспаптары, газ, кабельдік өнімдер бойынша сынақ зертханаларын құруға; сондай-ақ бұйымдар мен материалдардың өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерін тексеру бойынша сынақ зертханаларын құруға ықпал ету қажет. Осы міндетті орындау үшін бағдарламада өлшеу аспаптарымен және құралдарымен жабдықталған көшпелі зертханаларды сатып алу көзделген;

- сынақ зертханалары (орталықтары) желілерінің сынақ жабдықтарын жаңғыртуды және оларды халықаралық тізілімдерде аккредиттеуді жүргізу;

- халықаралық сарапшылар тізіліміне енгізу мақсатында, аккредиттеу нәтижелерін тануды қамтамасыз ету мақсатында стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында мамандар оқытуды жүргізу;

- шетелде қазақстандық сертификаттау жөніндегі органдар беретін сәйкестік сертификаттарын тану мақсатында ұлттық аккредиттеу жөніндегі органды халықаралық деңгейде аккредиттеуге дайындау;

- сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ және өлшеу зертханаларын аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз ету қажет.

5.3 Қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды салалар бөлінісінде халықаралық талаптармен үйлестіру

Осы кезеңде стандарттау мен сертификаттаудың басым объектілері ретінде міндетті сертификаттауға жататын өнімдер тізіліміне сәйкес өнімдер, сондай-ақ қызметінің түрі әлеуетті қауіпті кәсіпорындар өндірісі болуы тиіс.

Бағдарламаның негізгі іс-шаралары халықаралық стандарттар салаларына енгізуге бағытталған, ол үшін:

- республиканың кәсіпорындарында салаларда стандарттау қызметтерін құру;

- республиканың техникалық реттеу жүйесіне өтуін ескере отырып, салада қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу мен оларды халықаралық талаптармен үйлестірудің бағдарламалары мен жоспарларын республика экономикасының түрлі секторларының мемлекеттік басқару органдарының бекітуі;

- Қазақстан Республикасы экономикасының басым салалары үшін дамыған шет елдердің халықаралық өңірлік және ұлттық стандарттарын сатып алу;
- экспортқа шығарылатын отандық өнім мен объекттерге (технологиялар, қызметтер көрсету) арналған қолданыстағы нормативтік құжаттарды үйлестіру жүргізу болжанып отыр.

5.4 Сапа менеджменті жүйелерін енгізуді ынталандыру жөнінде жұмыстар жүргізу

Әлемдік рынокта өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне гаранттың біреуі сапа менеджменті жүйесін сертификаттау және халықаралық стандарттар бойынша қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

Сапа менеджменті жүйелеріне арналған стандарттар сапа мәселелерінде басшылар мен мамандардың жоғары құзыреттілігі мен арнайы даярлығына бағдарланған, өндірісті ұйымдастыру мен процестерді басқаруда жаңа бағыттарды іздестіруді талап етеді.

Экономиканың түрлі секторындағы кәсіпорындарды сапа менеджменті және қоршаған ортаны қорғау жүйелерін енгізуге дайындау үшін Бағдарламада:

- өндірістің жергілікті жағдайын ескере отырып, 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарына сәйкес нәтижесі сапа менеджменті мен қоршаған ортаны қорғау жүйелерін әзірлеу және енгізу жөніндегі нұсқамалар мен әдістемелік құралдар әзірлеу болып табылатын сапа менеджменті және қоршаған ортаны қорғау жүйелерін енгізу жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізу;

- ИСО 19011 "Сапа менеджменті және/немесе қоршаған ортаны қорғау жүйелерінің аудиті жөніндегі басшылық" халықаралық стандарттың икемделінуі жөнінде ұсынымдар мен әдістемелік материалдар әзірлеу;

- ғылыми-техникалық журналдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынымдар мен басқа материалдарды жариялау;

- тарифтік емес кедергілерді азайту және Қазақстанның ДСҰ-ға тиімді қатысуы үшін Қазақстан Республикасының сертификаттау жүйесін еуропа жүйесімен үйлестіру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу көзделген.

5.5 Мемлекеттік стандарттар қорын дамыту және жетілдіру

Мемлекеттік стандарттар қорын дамыту және жетілдіру мақсатында:

- МСҚ өнеркәсібі дамыған шет елдердің халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарымен, әсіресе электронды тасымалдаушыларда толықтыру;

- қорда бар нормативтік құжаттарды қағаз тасымалдаушылардан электронды тасымалдаушыларға аудару;

- қолданыстағы техникалық реттеу жүйесін реформалау міндеттерімен сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы нормативтік құжаттар қорының тиімділігіне талдау жүргізу және нормативтік құжаттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;
- өнімге арналған нормативтік құжаттардың библиографиялық дерекқорын құру, мысалы - мұнай және мұнай өнімдері, түсті металдар мен олардың қорытпалары, ауыл шаруашылығы шикізаты және оны қайта өңдеу өнімдері және басқалары;
- көрсеткіштерді, каталогтарды, стандарттарды дайындау және, сондай-ақ электронды тасымалдаушыларда шығару;
- стандарттау, сертификаттау, метрология және сапа менеджменті жүйелері жөніндегі баспа өнімдерін шығару және тарату жөніндегі маркетингтік қызметті жүзеге асыру жоспарланып отыр.

5.6 Стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту

Халықаралық ынтымақтастық бойынша жұмыстарды жандандыру мақсатында
Б а ғ д а р л а м а :

- Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO) жұмысына қатысуды;
- Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі өңірлік ұйым;
- Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес жұмысына қатысуды ;
- стандарттау жөніндегі халықаралық және мемлекетаралық техникалық комитеттердің жұмысына қатысуды көздейді.

Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға алдағы өтуін және әлемдік экономикаға ықпалдасу қажеттілігін ескере отырып, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, оның і ш і н д е :

- Халықаралық электротехникалық комиссияға кіру;
- ТМД және алыс шет елдерінің стандарттау және сертификаттау жөніндегі ұлттық органдарымен ынтымақтастық жоспарланып отыр.

5.7 Стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру

Стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару саласында кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін құру мақсатында:

- жоғары оқу орындарында стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша мамандар даярлау бағдарламаларын жетілдіру, оның ішінде жалпы және арнайы білім алу кезеңінде оқытудың үлгілік бағдарламаларын, оқыту және әдістемелік

н ұ с қ а у л ы қ т а р д ы

ж а с а у ;

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару мәселелері жөнінде білім беру мекемелері үшін оқыту және әдістемелік материалды дайындауға қатысу;

- білім беру мекемелерінің студенттері Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің құрылымдық бөлімшелерінде тағылымдамадан

ө т у

қ а ж е т .

Қазақстанда аккредиттелген сертификаттау жөніндегі органдар берген өнімге арналған сәйкестік сертификаттарын шет елдерде тану үшін қазақстандық мамандардың халықаралық сарапшы-аудиторлар тізілімінде тіркелуі қажет. Осы мақсатта халықаралық және өңірлік ұйымдарда стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында сарапшы-аудитор біліктілігін беріп, халықаралық деңгейде Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет орталық аппаратының және оған ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың мамандарын даярлау, сондай-ақ республикада семинарлар өткізу және мамандарды оқыту үшін әлемнің өнеркәсібі дамыған елдерінің халықаралық және ұлттық ұйымдарын тарту көзделіп отыр.

Сондай-ақ, Бағдарламаның іс-шараларымен Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің ведомстволық бағынысты кәсіпорындарының негізінде :

- стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына мемлекеттік инспекторларды;

- салаларда стандарттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдарының, ұйымдар мен кәсіпорындардың мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру көзделіп отыр.

5-бөлімде берілген іс-шараларды іске асыру халықаралық стандарттарға өту үшін жағдай туғызуға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және оның әлемдік рынокқа шығу мүмкіндігін қамтамасыз е т е д і .

Осы Бағдарламаны негізгі орындаушы Қазақстан Республикасының " Стандарттау туралы " 1999 жылғы 16 шілдедегі және " Сертификаттау туралы " 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңдарына сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті болып табылады және Қазақстан Республикасында стандарттау және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асырады. Бағдарламаны іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының стандарттау және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының атқарушы органдары мен заңды тұлғаларының қатысуы болжанып отыр.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытуға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады. Республикалық бюджеттен қаражат бөлу 590 566 мың теңгені құрайды, оның ішінде 2004 жылға - 242 683,0 мың теңге, 2005 жылға - 170 402,0 мың теңге, 2006 жылға - 177 471,0 мың теңге.

Бұл ретте жыл сайынғы қаржыландыру көлемі тиісті, қаржы жылына арналған республикалық бюджетте қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаның іс-шараларын 2004-2006 жылдары іске асыру:

- мемлекеттік және халықаралық стандарттар негізінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және тұтынушылық қасиеттерін арттыру;
- стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестірудің салдарынан саудада техникалық кедергілерді жою;
- техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестікті бағалау саласында жұмыстардың халықаралық практикасына біртіндеп көшу;
- жаңа, оның ішінде халықаралық деңгейде техникалық комитеттер, сондай-ақ салаларда стандарттау қызметтерін құру;
- халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен ынтымақтастықты жандандыру;
- бірыңғай ақпараттық кеңістік құру үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама іс-шараларын орындау нәтижесінде мынадай оң өзгерістерге қол жеткізіледі:

- жаңа нарықтық экономика мен халықаралық практикаға жауап беретін, өнімге, оның өндірілу процесіне және айналымына, жұмыстармен және қызмет көрсетулерге қойылатын міндетті және ұсынылатын (ерікті) талаптарды белгілеу мен қолдану мәселелеріне көзқарасты қамтамасыз ететін "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әзірленетін және қабылданатын болады;
- қазіргі уақытта қолданыстағы мемлекеттік стандарттардың санын 700-ден 2006 жылға 1100 дейін арттыру. Осылайша, тек 2004 жылы Бағдарламаның іс-шараларымен халықаралық талаптармен үйлестірілген 260 стандартты әзірлеу іске асырылатын болады; кейінгі жылдары стандарттарды әзірлеу және оларды үйлестіру қарқыны төмендемейді. Осылайша, 2006 жылға қарай мемлекеттік стандарттардың саны қазіргі қолданыстағыдан 57%-ке артуы, әзірленген стандарттардың үйлестіру есебінен сапасының 17%-тен 60%-ке артуы күтіледі;
- өнімдердің электронды каталогтарын енгізу нәтижесінде нақты ақпаратпен энергетиканың шамамен 900 мүдделі кәсіпорындары, шағын және орта бизнестің 3000

кәсіпорындары және басқа да мүдделі тұлғалар қамтамасыз етіледі;
 - 9000 сериялы ИСО стандарттарына сәйкес сапа менеджменті жүйелерін енгізген нақты сектор мен машина жасау кәсіпорындарының саны 2004 жылы бір жарым есе, 2005 жылы - екі есе, 2006 жылы - екі жарым есе артады;
 - МСҚ нормативтік қоры электронды режимде халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттармен жинақталуы есебінен 30 000-нан 40 000-ға дейін артады;
 - 14 автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді енгізу есебінен ДСҰ хатшылығымен шұғыл және нақты ақпаратпен алмасу қамтамасыз етіледі.

8. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалуына	Орындалуы (іске асырылуы)	Болжанып отырған шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көзі
			ж а у а п . т ы л а р			

8.1. Стандарттау және сертификаттау саласындағы заңнаманы жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру

8.1.1 "Техникалық Қазақстан ИСМ, 2004 Талап - реттеу туралы" Республи. ИМ, жылғы етіл. Қазақстан Респуб. қасы ҚорМ, III мейді. бликасының Заңын Заңының ДСМ, тоқсан әзірлеу ж о б а с ы С I M , Э М Р М , Қ О Қ М , Е Х Қ М , К К М , А Ш М , А қ п а . р а т .

8.2. Мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамыту және халықаралық жүйелермен үйлестіру

8.2.1 Техникалық Қазақстан ИСМ, 2004 Талап -
реттеу Республи. ИМ, жылғы I етіл.
жүйесіне қасының ҚорМ, тоқсан мейді
көшу жөніндегі Үкіметі ДСМ,
іс-шаралар қаулысының СІМ,
жоспарын әзірлеу жобасы ЭМРМ,
және бекіту ҚОҚМ,
Е Х Қ М ,
К К М ,
А Ш М ,
А қ п а .
р а т .
м и н і

8.2.2 Бұқаралық ақ. ИСМ ИСМ, Жыл Талап -
парат құрал. бұйрығы Ақпа. сайын етіл.
дарымен жұмыс рат. I тоқсан мейді
жөніндегі іс - мини
ш а р а л а р ж о с .
п а р ы н ә з і р л е у
ж ә н е б е к і т у ,
т е х н и к а л ы қ
р е т т е у ж ү й е с і н
н а с и х а т т а у

8.2.3 Өнімдер каталог. Қазақстан ИСМ, Жыл Барлығы: Респу.
тарын жүргізу: Республи. ЭБЖМ, сайын - 3318,0 бликалық
- ОЭК кәсіпорын. қасының ҚарМ IV оның бюджет
дары шығаратын Үкіметіне тоқсан ішінде:
өнімдер ката. есеп 2004 ж.
логы; - 1054,0
- Шағын бизнес 2005 ж.
кәсіпорындары - 1107,0
шығаратын өнім. 2006 ж.
дер каталогы; - 1157,0

- Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
б а с қ а д а к ә с і .
п о р ы н д а р ы

шығаратын өнім.

дер каталогы

8.2.4	Азаматтық және қызметтік қару мен оның оқтарының мемлекеттік кадастрын жүргізу	Қазақстан Республ. қасының Үкіметі қаулысының жобасы	ИСМ, Жыл сайын IV ҚарМ	Барлығы: Респу. бликалық Оның бюджет ішінде 2004ж . - 2000,0
				2 0 0 5 ж . -
				2 0 0 0 , 0
				2 0 0 6 ж . -
				2 0 0 0 , 0
8.2.5	Сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ және зертханаларын аккредиттеу	ҚР ИСМ Стандарт. тау, мет. өлшеу рология және сер. тификаттау жөніндегі комитеті. нің (бұдан әрі -	ИСМ, Жыл сайын IV ҚарМ	Барлығы: Респу. бликалық Оның бюджет ішінде: 2004ж. - 2107,0 2005 ж. - 2212,0 2006 ж. - 2312,0
				С М С К)
				б ұ й р ы ғ ы
8.2.6	Сынақ орталықтарының желілерін жетілдіру	Қазақстан Республ. қасының Аспаптармен және өлшеу	ИСМ, Жыл сайын IV ҚарМ 2004 жылғы IV ҚарМ Үкіметіне жабдықта. ры мен жинақтал. ған жылжымалы зертханаларды сатып алу және метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің аумақтық	2004ж. - Респу. бликалық бюджет тоқсан есеп
				55908,0

о р г а н д а р ы н
қ а м т а м а с ы з е т у

8.2.7 Сапасына және сату саласында қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру үшін тауар үлгілерін сатып алу және сынау	Қазақстан Республ. қасының Үкіметіне есеп	ИСМ, ЭБЖМ, ҚарМ IV	Жыл сайын IV	Барлығы: Респу. -62945,0 Оның тоқсан ішінде:
				2004ж. -
				20000,0
				2005ж. -
				21000,0
				2006ж. -
	21945,0			

8.3. Қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды салалар бөлінісінде халықаралық талаптармен үйлестіру

8.3.1 Стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарды әзірлеу және оларды ралық талап тармен үйлестірудің салалық жос. парларын құру	Мемлекет. тік орган. дардың халықа.	ИСМ, ПМ, ҚорМ, норматив. құқықтық кесімдері	Жыл сайын IV ДСМ, және	Талап етіл. мейді тоқсан СІМ, ЭМРМ, ҚОҚМ, ЕХҚМ, ККМ, БҒМ, АШМ, Ақпа.
--	-------------------------------------	---	------------------------	--

р а т .
м и н і

8.3.2 Стандарттау, метрология және сертификаттау және мұнай-газ саласында қаралық өңірлік және ұлттық стандарттарды әзірлеу және сатып алу "Техникалық	СМСК бұйрығы	ИСМ, ПМ, ҚорМ, ДСМ, СІМ, ЭМРМ, ҚОҚМ, ЕХҚМ, ККМ, АШМ,	Жыл сайын IV	Барлығы: Респу. 379432,0 Оның тоқсан ішінде:
				2004ж. -
				120560,0
				2005ж. -
				126588,0
				2006ж. -
				132 284,0
				ҚарМ,

реттеу туралы"
заңға сәйкес
келтіру мақса.
тында негіз

Ақпа.
рат.
мині,
ЭБЖМ

құраушы
дарттарды
стан.
қайта

қарау

8.4 Сапа менеджменті жүйелерін енгізуді ынталандыру жөнінде жұмыстар жүргізу

8.4.1 Сапа және қоршаған ортаны қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, нұсқаулықтар мен әдіс.	Қазақстан Республ. қасының Үкіметіне есеп	ИСМ, Жыл сайын ҚОҚМ, IV ҚарМ	Барлығы: Респу. 31473,0 Оның бюджет тоқсан ішінде:
			2004ж. - 10000,0
			2005ж. - 10500,0
			2006ж. - 10973,0

темелік құралдар

әзірлеу

8.5 Мемлекеттік стандарттар қорын дамыту және жетілдіру

8.5.1 ҚР мемлекеттік стандарттар қорының ақпараттық жүйесін дамыту, оның ішінде: - Мемлекеттік стандарттар қорын электронды тасымалдаушылар.	Қазақстан Республ. қасының Үкіметіне есеп	ИСМ, Жыл сайын Ақпа. рат. IV мині, ЭБЖМ, ҚарМ	Барлығы: Респу. 13950,0 Оның бюджет тоқсан ішінде:
			2004ж. - 7591,0
			2005ж. - 3359,0
			2006ж. - 3000,0

да жинақтау,
дерекқорын құру;
- стандарттау,
сертификаттау,
метрология және
сапа менеджменті
жүйелері бойынша
баспа өнімдерін

ш ы ғ а р у ж әне
т а р а т у ж әне і н д е г і
қ ы з м е т т і ж ү з е г е
а с ы р у

8.5.2 ҚР Мемлекеттік стандарттар қоры ақпараттық жүйесін бірге жүру (жабдықтарға қызмет көрсету және дерекқорды бағдарламалық қамтамасыз етуді жүргізу)	Қазақстан Республ. қасының Үкіметіне есеп	ИСМ, ЭБЖМ, ҚарМ IV	Жыл сайын IV	Барлығы: Респу. 10899,0 Оның тоқсан ішінде:
				бликалық бюджет ішінде: 2004ж. - 3463,0 2005ж. - 3636,0 2006ж. - 3800,0

8.6 Стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту

8.6.1 Стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың мысына оның ішінде стандарттау жөніндегі халықаралық техникалық комитеттердің жұмыстарына қатысу; мемлекетаралық стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарға қатысу	Қазақстан Республ. қасының Үкіметіне	ИСМ, ИМ IV	Жыл сайын IV	Талап етіл. мейді тоқсан есеп
---	--------------------------------------	------------	--------------	-------------------------------

қатысу

8.7 Стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру

8.7.1 Мамандарды	СМСК	ИСМ,	2004	2004ж. - Респу.
халықаралық	бұйрығы	ЭБЖМ,	жылғы	20000,0 бликалық
деңгейдегі		ҚарМ	IV	бюджет
сарапшы - аудитор.				тоқсан

л а р а т а ғ ы н

алуға оқыту

Ж и ы н ы

Барлығы: Респу.
590556,0 бликалық
о н ы ң б ю д ж е т
і ш і н д е :
2 0 0 4 ж . -
2 4 2 6 8 3 , 0
2 0 0 5 ж . -
1 7 0 4 0 2 , 0
2 0 0 6 ж . -
1 7 7 4 7 1 , 0